

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 551 қаулысы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !
2016 жылғы 9 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі!

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер (бұдан әрі – өзгерістер) бекітілсін.

2. Осы қаулы 2016 жылғы 9 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін өзгерістердің 2 және 3-тармақтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 551 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 9, 70 - қ ұ ж а т) :

19-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19-1. Комиссиялардың/жұмыс топтарының дауыс беру парақтары қоса берілген материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды:

1) комиссияны/жұмыс тобын мемлекеттік органның лауазымды адамы басқарған жағдайда – комиссияның/жұмыс тобының жұмыс органы;

2) комиссияны/жұмыс тобын Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі не оның орынбасарлары басқарған жағдайда – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі жүзеге асырады."

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669

Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 41, 458 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің құрамында: м ы н а :

"Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, төраға"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, төраға".

3. "Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 35, 514 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулыға 5-қосымшада: м ы н а :

"Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

М а м и н Асқар Ұзақбайұлы – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары".

